

Ерейментау ауданының Еркіншілік ауылдық округінің Еңбек ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 мамырда № 4182 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 03.10.2022 № 13 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Ерейментау ауданының мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық бас инспекторының 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 01-30-230 ұсынысы негізінде, Еркіншілік ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ерейментау ауданының Еркіншілік ауылдық округінің Еңбек ауылының аумағында ұсақ қара мал арасында бруцеллез жұқпалы ауру ошағының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Еркіншілік ауылдық
округінің әкімі*

Ж.Амангелдінов